



БҰЙРЫҚ

02.03.2023

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 81

город Уральск

«Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесінде мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтардың жойылғандығын анықтау қорытындысы туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» заңының 59-бабы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 14 «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесінде мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтардың жойылғандығын анықтау туралы қорытындысы бекітілсін.

2. «Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесінде келесі мамандықтары техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестендірілуіне байланысты аттестатталсын: 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі 4S01140102 Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі, 01140500 Дене тәрбиесі және спорт 4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі, 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 01140200 Музыкалық білім беру 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі, 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі 4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі 4S01140602 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі 4S01140605 Шетел тілі мұғалімі.

3. «Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестендірілуіне байланысты аттестатталсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысы

Б.Кузембаева